

Умирбекова А.Н.<sup>а</sup>, Бутабаева Л.А., Уайдуллақызы Э., Сәдуакас Г.Т.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

## БОЛАШАҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СПОРТ МАМАҢДАРЫН ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНА ДАЙЫНДАУ

Умирбекова Акерке Нурланбековна, Бутабаева Лаура Аскарловна, Уайдуллақызы Элмира, Сәдуакас Гулбану Темірияқызы

### Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарын инклюзивті білім беру ортасына дайындау

**Аңдатпа.** Бұл зерттеу кезінде болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының инклюзивті білім беру ортасына дайындығына аса назар бөлінген. Теориялық талдау негізінде инклюзивті білім беру ұстанымдары, артықшылықтары мен кемшіліктері, дене мәдениеті және спорт саласына қатысты ерекшеліктері көрсетілген. Инклюзивті білім беру ортасында оқытудың әмбебап дизайны технологиясының мүмкіндіктері көрсетілген. Дене мәдениеті және спорт саласына қатысты инклюзивті білім беру ортасында туындайтын кедергілер келтірілген. Инклюзивті білім беру жүйесіне жалпы мектеп педагогтерінің қатынасын, өз тәжірибесіне қатысты қолданыс деңгейін көру мақсатымен сауалнама негізінде зерттеу жүргізіліп, зерттеу нәтижелері пайыздық есеппен шығарылып, болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарын дайындау кезінде қандай басымдықтарды ескеру керектігі айқындалды. Зерттеуге Алматы және Астана қаласының жалпы білім беру мектеп педагогтары қатысты, зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша ұсыныстар мен тұжырымдамалық қорытындылар берілді. Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ІРН АР19576707 «Оқытудың әмбебап дизайны технологиясы (UDL) арқылы болашақ педагогтардың инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру» жобасы аясында қазақстандық ғалымдар жүргізді.

**Түйін сөздер:** дене мәдениеті және спорт, болашақ маман даярлығы, оқытудың әмбебап дизайны, инклюзивті білім беру ортасы, инклюзивті құзыреттілік.

Umirbekova Akerke Nurlanbekovna, Butabaeva Laura Askarovna, Uaidullakzy Elmira, Saduakas Gulbanu Temiriyazovna

### Preparing future specialists in physical culture and sports for an inclusive educational environment

**Abstract.** In this study, we pay special attention to the preparation of future specialists in physical culture and sports for an inclusive educational environment. Based on a theoretical analysis, the principles, advantages and disadvantages of inclusive education in the training of specialists in physical culture and sports were shown. The possibilities of the technology of universal design of learning in an inclusive educational environment are described. The barriers that arise in an inclusive educational environment related to physical culture and sports are listed. To determine the attitude of teachers of general education schools to the general system of inclusive education, to the willingness to apply on their own experience, we conducted a questionnaire, the results of the questionnaire survey were analyzed through a percentage, and for further research, priorities were identified to be taken into account when preparing future specialists in physical culture and sports. The study involved teachers of secondary schools in Almaty and Astana, based on the results of the study, brief recommendations were given and conceptual conclusions were made. This study was conducted by Kazakh scientists, within the framework of the project of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan IRN AP19576707 «Formation of inclusive competence of future teachers through the technologies of universal learning design (UDL)».

**Key words:** physical culture and sports, training of a future specialist, universal design of education, inclusive educational environment, inclusive competence.

Умирбекова Акерке Нурланбековна, Бутабаева Лаура Аскарловна, Уайдуллақызы Эльмира, Садуакас Гулбану Темириязовна

### Подготовка будущих специалистов физической культуры и спорта к инклюзивной образовательной среде

**Аннотация.** В данном исследовании особое внимание уделяется подготовке будущих специалистов физической культуры и спорта к инклюзивной образовательной среде. На основе теоретического анализа были показаны принципы, преимущества и недостатки инклюзивного образования при подготовке специалистов физической культуры и спорта. Описаны возможности технологии универсального дизайна обучения в инклюзивной образовательной среде. Перечислены барьеры, возникающие в инклюзивной образовательной среде, связанные с физической культурой и спортом.

Для определения отношения учителей общеобразовательных школ к общей системе инклюзивного образования, готовности применять на своем собственном опыте, мы провели анкету, результаты анкетного исследования были проанализированы через процентное соотношение, а также для дальнейших исследований были определены приоритеты, необходимые учесть при подготовке будущих специалистов по физической культуре и спорту. В исследовании приняли участие педагоги общеобразовательных школ городов Алматы и Астаны, по результатам исследования были даны краткие рекомендации и сделаны концептуальные выводы. Данное исследование было проведено казахстанскими учеными, в рамках проекта МОН РК ИРН АР19576707 «Формирование инклюзивной компетентности будущих педагогов через технологии универсального дизайна обучения».

**Ключевые слова:** физическая культура и спорт, подготовка будущего специалиста, универсальный дизайн обучения, инклюзивная образовательная среда, инклюзивная компетентность.

**Негізгі ережелер.** Егер білім алушылармен жалпы инклюзивті білім беру ұғымы, мүмкіндіктері, ерекшеліктері мен артықшылықтары туралы сапалы теориялық негізде білім беріліп, сол білім мазмұнына сай білім алушылар қажетті білім, білік және дағдыларды өзіндік кәсібінің ерекшеліктерін ескеріп игерген болса болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарын инклюзивті білім беру ортасына дайындаудың тиімділігі артады. Сондай ақ, инклюзивті білім беру ортасының сапасы оқытудың әмбебап дизайн технологиясын қолдану негізінде артады. Ал оқытудың әмбебап дизайн технологиясын, дене мәдениеті және спорт мамандығының ерекшеліктерін ескеру болашақ мамандардың кәсібіне керекті маңызды дағдылар мен құзыреттіліктерді қалыптастыруға әсер етеді.

**Кіріспе.** Президенттің жалпы еліміздің даму бағдарын айқындау мақсатымен берілген жолдауында, заман талабына сай еліміздің азаматтары өз шығармашылық мүмкіндіктерін арттырып, өзіндік білін қорын жетілдіру арқылы оны арнайы қорға айналдырып, «креативті өндіріс» салалары бойынша инклюзивті экономиканы өркендетуде өз үлесін қоса алатындығын көрсеткен, яғни зияткерлік әлеуеті жоғары және шығармашылық тұлғалар бұл еліміздің дамуына әсері бар басты қордың бірі [1].

Бүгінде білім саласының барлық деңгейінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытудың жаңашыл бағыттары өңделіп және тәжірибеге ендірілуде. Осы негізде инклюзивті білім беру жүйесі әр балаға қолжетімді және қолайлы орта құруға әсері зор. Ерекше білім қажеттілігі бар балалар үшін арнайы мектеп қажеттілігі бүгінде төмендеген, жалпы білім беру мектептерінде бала толыққанды білім алумен қатар, толық негізде әлеуметтік бейімделуге де мүмкіндігі болады.

Қазіргі білім беру ортасын білім алушыға қауіпсіз және жағымды негізде құру, білім беру үдерісінің әр деңгейінде жаһандану жағдайын құру арқылы, еліміздің білім беру жүйесін бренд ретінде әлемдік кеңістікке кіргізу өзекті

мәселелердің бірі. Осыған орай, білім беру жүйесінің әлем кеңістігіне сәйкес болуының мәні айқын. Соның бірі инклюзивті білім берудің барлық мүмкіндіктерін қолдану негізінде, ерекше білім беру қажеттіліктерін ескеру арқылы еліміздің әрбір білім алушысына қолжетімді орта құрып, сапалы білім мазмұнымен қамту міндеттемесі бар.

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар мүмкіндіктерін толық қамтитын, сапалы біліммен қаруланған педагог мамандардың қажеттілігі бар, осы қажеттілікті қанағаттандыру үшін болашақ маман дайындық деңгейіне ерекше назар бөлу қажет. Осы орайда болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының инклюзивті құзыреттілігін арттыру маңызы бар.

Бүгінгі күнде әрбір сапалы негізде білім беруші ортада, әр сала бойынша болашақ маман міндеті жан – жақты біліммен қаруланып, өз кәсібіне сай әмбебап әрекеттерді игеру мүмкіндігі. Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының кәсіби әрекеті, болашақ маманнан кәсіби біліммен қатар, психологиялық, педагогикалық, медициналық, дене құрылым, салауатты өмір салтын, инклюзивті білім ортасын тануды қажет етеді. Егер маманның осы бағыттарда базалық білімі болып, қажетті дағдылары қалыптасқан болса, ол маман әр баланы білім беру жүйесінде ересек өмірге дейінгі тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз етеді. Ал сапалы және қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін, әр білім беру ортасында ең бастысы арнайы инновациялық әдістер болып табылады. Осы тұста инклюзивті білім беру ортасына қолайлы бір технология- оқытудың әмбебап дизайны технологиясы бола алады.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – әр білім алушы жеке дара және ерекше, әр білім алушының сапалы және қолжетімді білім алуға мүмкіндігі бар, әр баланың өзінің даму ерекшелігі бар, білім беру ортасы мейірімді және жағымды, психологиялық негізде қолайлы болатын, білім алу және тәрбие беру ортасында

үнемі даму ортасын құруға бейімделген барлық балаға қолжетімді білім беру ортасы.

Ал «Әмбебап дизайн» түсінігі әлемдік тәжірибеге Рональд Л.Мейс есімді сәулетші көмегімен енген, кең қолданыс тапқан термин. Ол алғашында бұл әдісті барлық өнімді әдемі безендіруде, немесе ұсынуда ешбір ерекшеліксіз барлығына қолжетімді түрде болу керектігін айтқан. Бұл тұстағы басты әмбебап ұғымын тек қана бір сала немесе бір затқа байланыстыру қажеттігі жоқ. Яғни әмбебап ретінде адамның игерген дағдылары, қоршаған біздің ортамыз, жалпы адам әрекет етуші кеңістікке қатысты болуы керек. Осы мүмкіндікке қол жеткізетін оқытудың әмбебап дизайн технологиясы бола алады.

Осы орайда бүгінгі біздің *зерттеуіміздің басты мақсаты* – болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының дайындығы барысында инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру мен оқытудың әмбебап дизайн технологиясы мүмкіндіктерін көрсету. Зерттеуіміздің басты міндеттемелері, болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының инклюзивті білім беру құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және тәжірибелік мүмкіндіктерін айқындау, оқытудың әмбебап дизайн технологиясы туралы түсінік қалыптастырып, оның тиімділігі мен дене мәдениеті және спорт саласына сай ерекшеліктерін айқындау болып табылады.

**Әдістер мен материалдар.** Біз өз зерттеуімізде педагогикалық, психологиялық, ғылыми, дене мәдениеті және спорт, арнайы педагогикалық еңбектерге талдау жасап, инклюзивті білім беру ұғымына, болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының инклюзивті білім беру ортасына даярлығына, оқытудың әмбебап дизайн технологиясы мен оның дене мәдениеті және спорт мамандарының болашақ кәсібіне маңызы бар құзыреттіліктерін ескеру арқылы қолдану мүмкіндіктеріне талдау жасадық. Мектеп мұғалімдері арасында арнайы сауалнама жүргізіліп, алынған сауалнама нәтижелері сараланып, нәтижелері пайыздық көрсеткіш негізінде талданды. Жүргізілген теориялық талдау мен тәжірибелік жұмыс нәтижесінде қажетті тұжырымдар жасалып, негізгі болашақ зерттеулерге бағдар болатын ұсыныстар беріліп, жұмыс нәтижелері қысқаша қорытындылауға мүмкіндік болды.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Инклюзивті білім беру ортасы педагог біліктілігі мен құзыреттілігін қосымша қайта қарау қажеттілігін туындатады. Өз зерттеулерінде Д.Липски мен А.

Гарднер пән аралық байланыс, педагогикалық мамандықтар сабақтастығы болашақ маман дайындау үдерісінде тиімді деп көрсетіп, білім алушылардың негізгі әлеуетін арттыратын орта деп таныған. Заманауи білім беру талаптарына сай білім беру үдерісінің жеке тұлғаға бағдарлануы өзекті, болашақ педагог мамандар мектепте білім алушымен тікелей байланысқа түсетін, сонымен қатар білім алушылардың білім алу үдерісінен тыс әрекетімен таныс болатын маңызды субъект. Болашақ педагог маманның өз оқушысына деген жеке жол табуы, жауапкершілікті және өзара сенімге негізделген қарым – қатынас құра алуы, әрбір әрекетіне түсіністік танытуы бүгінгі күнде педагог шеберлігінің айқын көрінісі бола алады [2].

Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының дайындық үдерісінде тұлғаға бағдарланған білім беру бағытын ендіру тиімді деп есептейді, оның барысында студенттер тұлғаның жеке қасиеттерін ескеруге, оқу үдерісінің жан-жақты мүмкіндіктерді ескеріп ұйымдастыруға, болашақ педагогикалық үдерісіндегі қажетті білім, білік және дағдыларын икемділікке бейімдеу негізінде қалыптастыруға, оқыту үдерісінде белсенді, өзіндік танымға бейім, өзіндік рөлін айқын тануға мүмкіндігі бар, өзіндік іс – әрекеттеріне есеп беруге даяр, өзіндік жеке сапаларын дамыта алатын ортада дамиды, бұл оқыту негізінде қалыптасатын құзыреттілік мүмкіндіктері білім беру үдерісін жеке тұлғаға бағдарлау, кіріктірілген білім беру ортасын құруға қажетті деп есептейді [3].

Спорттық жарыстарда инклюзивті білім беру үдерісін дамыту мүмкіндіктеріне әсер етуші факторлар деп төменгі сипаттамаларды көрсеткен, мүмкіндігі шектеулі тұлғаның өзіндік ынтасының болуы, болашақ жаттықтырушы немесе дене мәдениеті және спорт маманының өзінің тобына мүмкіндігі шектеулі қатысушыны қабылдауға даяр болуы, қалыпты ортада мүмкіндігі шектеулі білім алушылармен қатар жаттығуға мүмкіндік болуы, топтық жұмыс, топтық және жеке жұмыс, жеке жұмыс жоспарын құруға жаттықтырушының дайын болуы, қарапайым жаттығу орнында инклюзивті білім алушыларды қабылдау мүмкіндігінің болуы [4].

Зерттеушілер өз еңбегінде болашақ мамандарды дайындау бағдарламасының құрылымын модульдік оқу түрін қосу арқылы құру қажет деп есептейді, модульдік оқу құрамы кәсіби, әмбебап және жалпы кәсіби модульдарынан тұруы керек. Кәсіби модуль құрамына инклюзивті білім беру ортасына дайын, дене мәдениеті және спорт

мәселелерін инклюзивті білім беру үдерісінде жүргізуге қажетті құзыреттіліктерді игеруге қажетті пәндерді қосу керек. Кәсіби дайындық кезіндегі кәсіби дайындық мүмкіндіктерін арнайы үлгілік жоспар арқылы көрсетіп, оны төрт негізгі бөлікке бөлген: жалпы мәдени, құрылымдық – мазмұндық, әдістемелік, іс-әрекеттік. Алғашқы бөлікке сай, *жалпы мәдени компонент* жалпы мәдени құзыреттіліктер қатарына, мүмкіндігі шектеулі балалардың денелік және психикалық даму заңдылықтарын түсінуге, түзетушілік педагогика мүмкіндіктерін және мазмұнын түсіну, инклюзивті білім беру ортасын қалыпты, заманауи талапқа сай негізде тұлға дамуына қажетті орта ретінде қабылдау; *құрылымдық – мазмұндық компонентке* сай, мүмкіндігі шектеулі балалардың денелік және психикалық даму заңдылықтарын анықтау, инклюзивті білім беруде инновациялық технологияларды қолдану, инклюзивті білім беру ортасына сай мақсат және міндеттерді қоя алу және өзіндік тараптан шешуге мүмкіндігі; *әдістемелік компонент* мүмкіндігі шектеулі білім алушылар танымдық және қозғалыс әрекеті бойынша арнайы жаттығуларды қолдануға мүмкіндік беретін әдістемелерді игеру, инклюзивті білім беру ортасына қолайлы арнайы әдістемелерді қолдану, инклюзивті білім беру ортасында өзіндік даму, өзіндік жетілдіру әдістемесін жобалау, модельдеу, тиімділігін айқындай білу; *іс – әрекеттік компонент* инклюзивті білім беру ортасында іс-әрекет нәтижесі мен өзіндік талдау үдерісін игеру, инклюзивті ортада өз дайындық деңгейін бағалай алуы, әр білім алушыға бағдарланған болу, өзінің кәсібін саналы түрде таңдай алуы мен өзіндік ынтасының болуы [5].

Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының болашақ кәсібіне деген даярлығын жетілдіру үшін, болашақ мамандарда өз кәсібіне деген ынтасын арттыру, үнемі денені нығайту шараларына деген қызығушылығын арттыру қажеттілігі бар. Яғни, білім алушы жоғары мектеп қабырғасынан өз болашақ кәсібіне сай бейнесін, сұлбасын қалыптастыру және өзіндік даму мен жетілу жолын айқын құруы керек. Сондай ақ, бүгінде болашақ маман дайындаудағы өзекті және қажетті құзыреттіліктер, қоғамның сол маманға деген сұранысына сай қалыптасады. Дайындық деңгейі үнемі сұранысқа ие болуы үшін, нарықты зерттеу мен соған сай білім алушыларды ынталандыру жағдайын тудыру маңызды, әрі болашақ дене мәдениеті мен спорт мамандарының дайындығының өзекті мәселелерін шешуші бір фактор бола алады [6].

Дене мәдениеті және спорт мамандары үшін өз кәсіби іс – әрекетінде инклюзивті білім беру мүмкіндіктерін қолдану аса тиімді үдеріс ретінде қарастырылады, себебі денені оңалту, денені жаттықтыру мүмкіндіктері ерекше білім қажеттіліктері бар балалар үшін аса тиімді түрдегі әлеуметтік өмірге қосылу мүмкіндігін береді. Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарына өз сыныбында қалыпты да ерекше білім қажеттілігі бар балаға да қолжетімді орта құру қажеттілігі бар. Инклюзивті білім беру педагогтың кәсіби және тұлғалық дайындығына ерекше дайындықты қажет етеді. Инклюзивті білім беру кезінде педагог өз балаларының барлық қажеттілігін ескеру үшін, баланың психологиялық, дене дамуы, эмоционалдық тұрақтылығы туралы білімі болуы керек [7].

Инклюзивті білім беру – арнайы бірі білім үдерісіне деген құндылықты бағдардың болуы, балаға қолайлы даму ортасын құруда қажетті білім, тәрбие, жеке білім беру жолын ұсынатын жүйе, бала кез келген мекемеде ешбір кедергісіз, ешбір мүмкіндігінің шектеулігіне қарамастан білім алу жағдайы [8].

Инклюзивті білім беру – болашақ педагог мамандардың жеке тұлғалық дамуы мен кәсіби даярлығына бірқатар талаптарды қояды, педагог мамандар ерекше білім қажеттілігі бар білім алушылардың түрлі даму деңгейін түсініп, тәрбиеленушілердің ерекше психологиялық мүмкіндіктерін білу арқылы, дұрыс негізде құрылған педагогикалық өзара әрекеттестік құра алуы керек деп есептейді. Болашақ педагог инновациялық білім беру ортасында толыққанды кәсіби қызметін жүргізуге даярлығын дамыту қажеттілігі бар [9]. Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының қызметі инклюзивті білім беру жүйесінде белгілі кедергілерге ие, әдеттегі сынып жағдайында оны орта кедергілері деп көрсетеді, яғни білім алушылардың өзара ынтымақтастық негізде болуы, педагог мамандардың өзара қарым-қатынасты дұрыс құруы, оқу материалын қолжетімді негізде дұрыс таңдай алу, сонымен қатар дене мәдениеті және спорт педагогтары үнемі жоғары деңгейлі психологиялық қысымда жұмыс жасайтындығын көрсеткен.

Біз өз зерттеуімізде төрт бөлімнен тұратын инклюзивті білім беруді іске асыруға педагогтардың даярлығын тексеру әдістемесін қолдандық, сауалнаманың бірінші бөлімі, инклюзивті білім беру, екінші бөлімі, балалардың соматикалық және психикалық күйіне, үшінші бөлім, инклюзивті білім беру жағдайында педагогтың психологиялық даярлығын зертте-

уге, төртінші бөлім, инклюзивті білім беруде инновациялық технологияларды қолдану ынтасын зерттеуге бағытталған. Сауалнама 4-5 жауабы бар 10 сұрақтан тұрады, сұрақтар қысқаша жалпы белгілеуге ыңғайлы құрылған [10]. Сонымен қатар, сауалнама сұрақтарын біздің зерттеу объектімізге қатысты модификациядан өткіздік. Дегенмен зерттеуге негіз ретінде сауалнама сұрақтары толық пайдаланылды.

1. Жалпы мектептегі инклюзивті білім беру қандай болуы керек, менің ойым?

2. Инклюзивті білім беруге менің қатынасым қандай?

3. Денсаулығы мен психологиялық жағдайы түрлі деңгейлі балаларды бір топқа топтастыруға менің көзқарасым қандай?

4. Ерекше білім қажеттілігі бар аралас бағыттағы топта жұмыс жасауға менің даярлығым қандай?

5. Ерекше білім қажеттілігі бар балалар психикалық күйі туралы менің пікірім?

6. Аралас бағыттағы топта ерекше білім қажеттілігі бар балалармен жұмыс бағдарламасын игеру?

7. Аралас бағыттағы топта ерекше білім қажеттілігі бар балалармен жұмыс бағдарламаларын өз бетіммен оқуға даярмын ба?

8. Ерекше білім қажеттілігі бар балалардың топтағы қалыпты балаға әсері қандай?

9. Ерекше білім қажеттілігі бар балалармен жұмыс барысында инновациялық әдістерді қолдана аламын?

10. Өз жұмысым кезінде өзге мамандармен бірлесіп жұмыс жасауға дайынмын ба?

Жоба барысында зерттеуге Алматы, Астана қаласының жалпы білім беру мектептерінен 492 мұғалім қатысты, (сынамаға жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдері алынды, оның ішінде Алматы қаласы бойынша, № 201 мектеп – гимназия, № 169 мектеп – лицей, № 140 мектеп – гимназия, № 12 арнайы мектеп – гимназия, Астана қаласы бойынша № 87 мектеп – гимназия, сауалнамаға мектеп мұғалімдерінің барлығы дерлік қатысты, барлық мұғалімдер жауаптарына талдау жүргізілді, қатысқан бес мектеп аясында 39 дене мәдениеті және спорт мамандары қамтылды). Зерттеуге қатысқан мұғалімдердің жауаптарын талдаймыз.

*Бірінші сұрақ бойынша*, инклюзивті білім беру туралы толық негіздегі түсінігім бар деген мұғалімдер саны – 65 %, инклюзивті білім беру туралы шектеулі білімім бар дегендер саны – 31 %, мұндай білім беру туралы ешбір білімім жоқ, мұндай білімді білмеймін деп жауап бергендер саны – 4 %.

*Екінші сұрақ бойынша*, инклюзивті білім беруге жағымды көзқарастамын деп жауап берген мұғалімдер саны – 35 %, инклюзивті білім беруге жағымды көзқарастамын, дегенмен күмәнім бар – 37 %, инклюзивті білім беруге қатысты толық бір жақты пікірім жоқ деп жауап бергендер саны – 28 %, инклюзивті білім беруге қарсымын дегендер болмады.

*Үшінші сұрақ бойынша*, балалар тобын денсаулық және психикалық саулық жағдайына байланысты топтастыру керек деп есептеймін – 35 %, ерекше білім қажеттілігі бар бала мен қалыпты балалар бірге оқи алады, дегенмен денсаулық және психикалық жағдайына байланысты топтастыру керек – 33 %, денсаулығы мен психикалық жағдайы әр түрлі балалар бір топта оқи алады деп есептеймін – 32 %.

*Төртінші сұрақ бойынша*, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасау әдістерін білемін, қалыпты топ балаларымен бірлесіп сабақ жүргізуге даярмын – 20 %, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасау әдістері туралы хабарым бар, қалыпты топ балаларымен бірлесіп сабақ жүргізуде қиындықтар бар – 40 %, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасау әдістерін білмеймін, қалыпты топ балаларымен бірлесіп сабақ жүргізе алмаймын – 40 %.

*Бесінші сұрақ бойынша*, ерекше білім қажеттіліктері бар балалар психологиялық және денсаулық мүмкіндіктері туралы білімім бар – 20 %, ерекше білім қажеттіліктері бар балалар психологиялық және денсаулық мүмкіндіктері туралы орташа білімім бар – 25 %, ерекше білім қажеттіліктері бар балалар психологиялық және денсаулық мүмкіндіктері туралы аз білімім бар – 20 %, ерекше білім қажеттіліктері бар балалар психологиялық және денсаулық мүмкіндіктері туралы білімім жоқ – 15 %, еш жауап келмейді – 20 %.

*Алтыншы сұрақ бойынша*, аралас бағыттағы білім алушы балалар тобымен жұмыс жасау бағдарламаларын білемін – 20 %, аралас бағыттағы білім алушы балалар тобымен жұмыс жасау кебір әдіс және бағдарламаларды білемін – 20 %, аралас бағыттағы білім алушы балалар тобымен жұмыс жасау бағдарламаларын білмеймін – 35 %, ешбір жауап маған келмейді – 25 %.

*Жетінші сұрақ бойынша*, аралас бағыттағы білім алушы балалар тобымен жұмыс жасау бағдарламаларын игеру бағытында жұмыс жасаймын – 25 %, аралас бағыттағы білім алушы балалар тобымен жұмыс жасау бағдарламаларына қызығамын – 25 %, аралас бағыттағы білім

алушы балалар тобымен жұмыс жасау бағдарламаларымен қызықпаймын – 25 %, ешбір жауап маған келмейді – 25 %.

*Сегізінші сұрақ бойынша*, аралас бағыттағы білім алушы балалар тобымен жұмыс жасау кезінде өзара ешбір әсері жоқ – 25 %, аралас бағыттағы білім алушы балалар тобымен жұмыс жасау кезінде қалыпты балаларда эмпатия, шыдамдылық сезімдері қалыптасады – 35 %, аралас бағыттағы білім алушы балалар тобымен жұмыс жасау кезінде өзара жағымсыз әсері бар – 25 %, ешбір жауап маған келмейді – 15 %.

*Тогызыншы сұрақ бойынша*, денсаулық сақтау, ойын технологияларын өз тәжірибемде жиі қолданамын – 60 %, инновациялық технологияларды өз тәжірибемде сирек қолданамын – 20 %, инновациялық және компьютерлік технологияларды қолданбаймын, өйткені ол білім алушылар үшін зиян – 10 %, ешбір жауап маған келмейді – 10 %.

*Оныншы сұрақ бойынша*, өзге мамандармен бірлесіп жұмыс жасауға ашықпын – 50 %, белгілі мамандармен кейде жұмыс жасауға дайынмын – 20 %, бұл мамандармен жұмыс жасау қажеттілігі жоқ – 5 %, ешбір жауап маған келмейді – 15 %.

Берілген сауалнаманы талдау барысынан көретініміз, мектеп мұғалімдерінде жалпы инклюзивті білім беру туралы білімі бар, дегенмен әлі де толық негіздегі өз тәжірибесіне енгізуге даяр мұғалімдер де бар болуы себепті, болашақ дене мәдениеті және спорт, жалпы барлық бағыт педагогтерін дайындық деңгейінде инклюзивті білім беру ерекшеліктерін ескеру аса өзекті мәселе болып табылады.

Ерекше білім қажеттілігі бар білім алушылармен дұрыс негізде құрылған білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде көптеген білім беру үдерісін қамтамасыз етуші мекемелер әлі де толық негізде дайын емес екенін атап өтеді [11]. Осы орайда жаңа технология оқытудың әмбебап дизайн технологиясы кіріктірілген білім беру мүмкіндіктерін кеңейтуге, сонымен қатар ерекше білім қажеттілігі бар да, қарапайым білім алушыға да толық қажеттіліктерін ескеру арқылы білім қолжетімділігін қамтамасыз ететін тиімді технология бола алады [12]. Оқытудың әмбебап дизайны технологиясы негізінде ұйымдастырылған сыныптар мүмкіндігі шектеулі және жалпы барлық білім алушылар үшін мүмкіндік беретін нәтижелі оқыту түрі болып табылады [13].

Кез келген білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде әмбебап дизайн технологиясының басты мақсаты, білім беру бағдарламаларының көп

түрлілігіне қарамастан, игерілетін білім барлық білім алушыға қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл өз кезегінде инклюзивті білім беру ортасының басты мақсаттарының бірімен ұштасатыны айқын екенін көруге болады. Оқытудың әмбебап дизайны қолданылған орта білім алушылар үшін оқу материалын түрлі формада ұсынуды, игерілген материалды білім алушылар үшін түрлі формада дайындауды, әр білім алушының қызығушылығын ескеріп, білім алушының ынтасы мен әр берілген тапсырма күрделілігін түрлі формалар негізінде беру арқылы сипатталады. Осы орайда төмендегідей оқытудың әмбебап дизайны технологиясының мүмкіндіктеріне тоқталуға болады.

Инклюзивті білім беру ортасында оқытудың әмбебап дизайны технологиясының мүмкіндіктері:

- әр берілген оқу материалына қатысты білім алушылардың қабылдауына қарай түрлі нұсқаларды ұсыну, яғни ақпаратты көрсету, аудио материалдарды беруде, көрнекі ақпаратты беруде түрлі бір – бірін алмастырушы әдістерді пайдалану;

- әр сөз арқылы ұсынылатын ақпаратқа, қосымша тілдік емес түрлі көрнекі қосымша әдістермен ұсыну;

- әр берілген материал тек қолжетімді ғана емес, сонымен қатар алған ақпарат білім алушыға күнделікті өміріне, болашақ кәсібіне пайдалы болуын қамтамасыз ету, яғни бұл тұста білім алушыларда дағды қалыптастыру маңыздылығын атап өтуге болады, білім алушының алған білімін белсенді ету, әрбір қарым-қатынас нәтижесінде ең басты ойды ерекшелеу арқылы маңызына назар бөлу, әрбір алған білімін өмірде қалай қолдануға болатынын қарапайым түрде үлгісін құра алу, түрлі алынған ақпаратты өзіне қатысты жағдаяттарға пайдалы түрде қолдану;

- дене әрекеттерінің нұсқаларын ұсыну, яғни сабақ барысында берілген ақпаратты өзге білім алушылармен бірлесіп шешуді қажет етуші жағдаяттар туындату;

- әр білім алушыға білім беру ортасында қарым – қатынасқа түсіп, өз пікірін білдіруге болатын орта құру, яғни ортада тілінде ақаулығы бар бала болатын болса, ол өз ойын түрлі мультимедия, немесе жазбаша түрде жеткізуге мүмкіндігінің болуы;

- орындауға арналған қызметтерге түрлі нұсқалар беру, әмбебап дизайн технологиясының ұстанымдарына сай, аздан көпке қарай жоғарылау жүреді, яғни төмен деңгейдегі дағдыларды дамыту, ол білім алушыдан орындау

деңгейінің төмен дәрежесін қажет етеді, орындау дағдыларын көбейту арқылы, жоғары деңгейлі стратегиялық мақсаттарды іске асыру, бала мақсатын анықтауға, әр әрекетіне құрған жоспарын бақылауға, ақпаратты дұрыс басқару мен қолдануға көмек беруге, өзінің даму деңгейін ескеруге мүмкіндік берумен сипатталады;

– әр білім алушының өзіндік қызығушылығын ояту және ескеру, бұл жерде маңызды тұсы әр білім алушының қызығушылығы әр түрлі болуы себепті, әр баланың өзіне қатысты әдісін қолдану арқылы ынталандыру, баланың өзіне таңдау беру, баланың өз таңдауының маңызы бар және өзіне қажетті екенін түсіндіруге әсер ету;

– түрлі негіздегі біліктілікті қалыптастыру мен стратегиялық негіздегі ойлауды дамыту білім алушалардан үнемі зейін қою деңгейінің жоғары дәрежесін қажет етеді, осыған орай барлық білім алушы үшін ортақ емес, жеке жеке дербес түрдегі өзіндік реттеу дағдысын дамыту керек;

– әр білім алушының өзіндік даму мен өзіндік басқару, өзіндік реттеуін қамтамасыз ететін әрекет етуші нұсқаларды ұсыну, яғни әр жағдаятқа, қарым – қатынас түрі мен негізіне сай, өзіндік эмоциясын, өзіндік қарым – қатынас деңгейін реттеуге үйрету. Осы берілген оқытудың әмбебап дизайны мүмкіндіктері ескерілген кезде, орын алған кезде білім беру ортасының инклюзивті сипаты артуына жағдай туындайды деп айтуға болады.

**Қорытынды.** Біз зерттеу кезінде болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарын инклюзивті білім беру ортасына дайындау мүмкіндіктеріне тоқталдық. Жалпы инклюзивті білім беру ортасы ұғымына тоқталатын болсақ, ерекше білім алуды қажет ететін барлық деңгей білім алушылары (бала бақша, оқушы, студент) тең дәрежедегі қолжетімді білім алу үдерісін ұйымдастырудың қолайлы ортасы.

Дене мәдениеті және спорт мамандарын дайындау кезінде инклюзивті білім беру ортасына қатысты төмендегідей кедергілерге кезігеді, нормативті құқықтық құжаттамалардың болмауы, әр білім беру мекемесіне қатысты инклюзивті білім беруді іске асыруға қажетті қаражат тапшылығы, қоғамның ерекше білім қажеттілігі бар тұлғаларға қарым – қатынасының түрлі сипаты, білім беру жүйесінің, игерілген инновациялық технологиялар мүмкіндіктерінің әр баланы жеке негізде қабылдауға дайындығының төмен болуы, инклюзивті білім беру жүйесін қорғайтын заңнамалар мен білім беру бағдарламаларының болмауы, ерекше білім қажеттілігі бар балаларға демеу көрсетуші арнайы ұйымдар мен қосымша білім беру бағдарламаларының болмауы, білім беру мекемелерінің қызметкерлері, білім алушылар, педагог мамандардың ерекше білім қажеттілігі бар білім алушыларды дұрыс негізде қабылдай алмауынан туындайтын кедергілер.

Алматы және Астана қалаларының мектеп мұғалімдерімен жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде, біз төмендегідей қорытынды жасай аламыз. Мектеп мұғалімдері әлі толық деңгейде инклюзивті білім беру ортасында қызмет етуге дайын емес, инклюзивті білім беру ортасына лайықты инновациялық технологияларды игеру мотивациясы төмен, және көптеген тиімді технологиялармен, бағдарламалармен жұмыс ерекшеліктерін біле бермейді, осы орайда болашақ педагог мамандарды жоғары оқу орны деңгейінен арнайы дайындау үдерісін одан ары жандандыру қажеттілігі бар деп айтуға болады.

Осындай инклюзивті білім беру ортасында маман дайындау мәселесіне қатысты оқытудың әмбебап дизайны технологиясының негізгі қолданыс ұстанымдары көптеген әдістемелік мүмкіндіктерді шешуге қолайлы деп, болашақ зерттеулерде осы негіздегі қолданбалы әдістерге тоқталу қажеттілігі бар екенін атап өтуге болады.

## Әдебиеттер

- 1 Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Экономический курс Справедливого Казахстана» <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-ekonomicheskij-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588>
- 2 Перевозчикова Л.С. Аксиологические основания гуманистической парадигмы высшего образования в культуре информационного общества: автореф. дис. ... док. фил. наук: 09.00.13 – Тульский государственный педагогический университет им. Л. Н. Толстого. – Тула, 2009. – 42 с.
- 3 Чеканушкина Е.Н. Инклюзивный подход к обучению студентов по дисциплине «Физическая культура» / Е.Н. Чеканушкина, В.Н. Михелькевич, О.В. Шинкаренко // Молодой ученый. – 2016. – № 16.1 (120.1). – С. 62-65.
- 4 Дворников Б.Г. Проблемы и перспективы развития инклюзивного образования в адаптивном спорте, 2019 / [https://elar.ufrfu.ru/bitstream/10995/76909/1/978-5-7996-2735-5\\_2019\\_15.pdf](https://elar.ufrfu.ru/bitstream/10995/76909/1/978-5-7996-2735-5_2019_15.pdf).
- 5 Кусбеков Ж.С., Юламанова Г.М., Данилов А.В., Костарев А.Ю. Подготовка педагога физической культуры к реализации инклюзивного образования // Известия Тульского государственного университета. Физическая культура. Спорт. – 2023. – №7. – С.10-19.

- 6 Жумагулов Г.Н., Юламанова Г.М., Кульназаров А.К., Ботагариев Т.А. Научно-теоретические аспекты формирования готовности выпускников специальности «Физическая культура и спорт» вузов к трудоустройству // Ученые записки университета Лесгафта. – 2022. – №3 (205) – С. 136-141.
- 7 Емельянова Т.В., Александров Ю.М. Теоретические аспекты готовности специалистов по физической культуре и спорту к работе в условиях инклюзивного образования // Вектор науки Тольяттинского государственного университета. – 2013. – № 3(25). – С. 420-423.
- 8 Халтурина В.Е. Формирование познавательных универсальных учебных действий у детей с ограниченными возможностями здоровья в условиях инклюзивного образования // Молодой ученый. – 2023. – № 24 (471). – С. 421- 423.
- 9 Кетриш Е.В. О проблеме инклюзивного образования в сфере физической культуры // Сибирский педагогический журнал. – 2015. – №3. – С. 121-124.
- 10 Худик В.А. Анкета – вопросник для изучения отношения педагогов к инклюзивному образованию // Коррекционно-педагогическое образование. – 2015. – №1 (1). – С. 62-67.
- 11 Amália Rebouças de Paiva e Oliveir, Mey de Abreu van Munster, Adriana Garcia Gonçalves Desenho Universal para Aprendizagem e Educação Inclusiva: uma Revisão Sistemática da Literatura Internacional Literature Review Rev.bras.educ. espec. – 2019. – №25 (4). DOI: /10.1590/s1413-65382519000400009.
- 12 Edward M. Vitelli Universal Design for Learning: Are We Teaching It to Preservice General Education Teachers? Journal of Special Education Technology. – 2015. – Vol. 30(3) – pp. 166-178. DOI: 10.1177/0162643415618931
- 13 Ana Paula Zerbato, Enicéia Gonçalves Mendes O desenho universal para a aprendizagem na formação de professores: da investigação às práticas inclusivas Artigos Educ. Pesqui. – 2021. – №47. DOI: 10.1590/S1678-4634202147233730.

## References

- 1 Poslanie Glavy gosudarstva Kasym – ZHornart Tokaeva narodu Kazahstana «Ekonomicheskij kurs Spravedlivogo Kazahstana» <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-ekonomicheskij-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588>
- 2 Perevozchikova L.S. Aksiologicheskie osnovaniya gumanisticheskoy paradigmy vysshego obrazovaniya v kul'ture informacionnogo obshchestva: avtoref. dis. ... dok. fil. nauk: 09.00.13 - Tul'skij gosudarstvennyj pedagogicheskij universitet im. L. N. Tolstogo -Tula, 2009. - 42 s.
- 3 CHEkanushkina E.N. Inklyuzivnyj podhod k obucheniyu studentov po discipline «Fizicheskaya kul'tura» / E.N. CHEkanushkina, V.N. Mihel'kevich, O.V. SHinkarenko // Molodoy uchenyj. – 2016. – № 16.1 (120.1). – S. 62-65.
- 4 Dvornikov B.G. Problemy i perspektivy razvitiya inklyuzivnogo obrazovaniya v adaptivnom sporte, 2019, [https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/76909/1/978-5-7996-2735-5\\_2019\\_15.pdf](https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/76909/1/978-5-7996-2735-5_2019_15.pdf).
- 5 Kusbekov ZH.S., YUlananova G.M., Danilov A.V., Kostarev A.YU. Podgotovka pedagoga fizicheskoy kul'tury k realizacii inklyuzivnogo obrazovaniya // Izvestiya Tul'skogo gosudarstvennogo universiteta. Fizicheskaya kul'tura. Sport. – 2023. - №7. – S.10-19.
- 6 ZHumagulov G.N., YUlananova G.M., Kul'nazarov A.K., Botagariev T.A. Nauchnoteoreticheskie aspekty formirovaniya gotovnosti vypusknikov special'nosti «fizicheskaya kul'tura i sport» vuzov k trudoustrojstvu // Uchenye zapiski universiteta Lesgafta. - 2022. - №3 (205) – S. 136-141.
- 7 Emel'yanova T.V., Aleksandrov YU.M. Teoreticheskie aspekty gotovnosti specialistov po fizicheskoy kul'ture i sportu k rabote v usloviyah inklyuzivnogo obrazovaniya // Vektor nauki Tol'yattinskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2013. – № 3(25). – S. 420-423.
- 8 Halturina V.E. Formirovanie poznavatel'nyh universal'nyh uchebnyh dejstvij u detej s ogranichennymi vozmozhnostyami zdorov'ya v usloviyah inklyuzivnogo obrazovaniya // Molodoy uchenyj. – 2023. – № 24 (471). – S. 421- 423.
- 9 Ketrish E.V. O probleme inklyuzivnogo obrazovaniya v sfere fizicheskoy kul'tury // Sibirskij pedagogicheskij zhurnal. - 2015. - №3. - S.121-124.
- 10 Hudik V.A. Anketa – voprosnik dlya izucheniya otноsheniya pedagogov k inklyuzivnomu obrazovaniyu // Korrekcionno-pedagogicheskoe obrazovanie. - 2015. - №1 (1). – S. 62-67.
- 11 Amália Rebouças de Paiva e Oliveir, Mey de Abreu van Munster, Adriana Garcia Gonçalves Desenho Universal para Aprendizagem e Educação Inclusiva: uma Revisão Sistemática da Literatura Internacional Literature Review Rev.bras.educ. espec. – 2019. - №25 (4). DOI: /10.1590/s1413-65382519000400009.
- 12 Edward M. Vitelli Universal Design for Learning: Are We Teaching It to Preservice General Education Teachers? Journal of Special Education Technology. – 2015. - Vol. 30(3) – pp. 166-178. DOI: 10.1177/0162643415618931
- 13 Ana Paula Zerbato, Enicéia Gonçalves Mendes O desenho universal para a aprendizagem na formação de professores: da investigação às práticas inclusivas Artigos Educ. Pesqui. – 2021. - №47. DOI: 10.1590/S1678-4634202147233730.

<b>Хат хабарға арналған автор (бірінші автор)</b>	<b>Автор для корреспонденции (первый автор)</b>	<b>The Author for Correspondence (The First Author)</b>
Умирбекова Акерке Нурланбековна – қауымдастырылған профессор м.а., PhD доктор Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Педагогика және психология институты, Алматы, Қазақстан, e-mail: Akerkesha_85@mail.ru	Умирбекова Акерке Нурланбековна – и.о. ассоциированного профессора, PhD, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Институт педагогики и психологии, г. Алматы, Казахстан, e-mail: Akerkesha_85@mail.ru	Umirbekova Akerke Nurlanbekovna – associate professor, PhD, Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Institute of Pedagogy and Psychology, Almaty, Kazakhstan, e-mail: Akerkesha_85@mail.ru